

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

II КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: II Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 . – 1611 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: II книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025. – 1611 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

Бұрын өткізіп келген сабақтарын ұстаздар қауымы ой елегінен өткізіп, рефлексиялап, өз ісіне бір нәрсенің жетпей жатқандығын мойындауға тиіс. Сабақ оқушылардан өткен тақырыпты сұрап, жаңа тақырыпты сөйлеп сөйлеп шығып кетуден ғана тұрмайтынын,өзі ойлағаннан күрделі құрылым екенін сезіну тиіс.Оқушы кемшілігін өз кемшілігім деп қабылдаған ұстаз ізденістің иірім жолдарына түсуге тәуекел етпек.

Математикалық – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеретін кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл психологиялық– педагогикалық жағдайлар қолайлы оқу ортасын құруға және оқушылардың математикада қажетті дағдылары мен білімдерін табысты қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан.– 2012.–10 шілде
2. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика – Алматы: Педагогика, 2000.
3. Сластенин В.А. Педагогика: уч.пособие. – Москва: Академия, 2004
4. Бұзаубекова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. – Алматы. 2006.

ӘОЖ 811

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ СИПАТТАЛУЫ

Аман Мерей Өскенқызы

2 курс магистранты

Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тіліндегі шақ категориясының морфологиялық және семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Етістіктің шақтық мағынасы қимыл–әрекеттің белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асуымен тікелей байланысты. Қазақ тіл білімінде шақ категориясын топтастыру мен олардың көрсеткіштерін анықтау мәселесінде бірізділік жоқтығы байқалады. Зерттеу барысында А. Байтұрсынұлы, Т. Қордабаев, Ы. Маманов сынды ғалымдардың еңбектері талданып, олардың шақ түрлерін анықтаудағы көзқарастары салыстырылады. Сонымен қатар, түркі тілдеріндегі шақ категориясының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына шолу жасалып, олардың жасалу жолдары салыстырмалы түрде қарастырылады. Мақалада шақ пен рай категорияларының өзара байланысы, сондай–ақ шақ түрлерінің ажыратылуындағы қиындықтар сөз болады. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі шақ категориясының теориялық негіздерін тереңірек түсінуге және оны оқыту әдістемесін жетілдіруге үлес қосады.

Түйінді сөздер: шақ категориясы, етістік, морфология, түркі тілдері, қазақ тілі, грам–матикалық талдау.

Аннотация

В данной статье рассматриваются морфологические и семантические особенности категории времени в казахском языке. Временное значение глагола напрямую связано с осуществлением действия в течение определенного периода времени. В казахском языкознании наблюдается отсутствие последовательности в вопросе группировки категорий времен и определения их показателей. В ходе исследования были проанализированы труды таких ученых, как А. Байтурсинович, т. Кордабаев, И. Маманов, сравниваются их взгляды на определение видов времени. Кроме того, будет проведен обзор сходств и различий в категории времени в тюркских языках, а также рассмотрены пути их создания. В статье речь пойдет о взаимосвязи категорий времени и времени, а также трудностях в различении видов времени. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию теоретических основ категории времени в казахском языкознании и совершенствованию методики его преподавания.

Ключевые слова: категория времени, глагол, морфология, тюркские языки, казахский язык, грамматический анализ.

Abstract

This article discusses the morphological and semantic features of the time category in the Kazakh language. The temporal meaning of the verb is directly related to the performance of an action over a certain period of time. In Kazakh linguistics, there is a lack of consistency in the grouping of time categories and the definition of their indicators. The research analyzed the works of such scientists as A. Baitursynovich, T. Kordabaev, I. Mamanov, and compared their views on the definition of time types. In addition, an overview of the similarities and differences in the time category in the Turkic languages will be conducted, as well as ways to create them. The article will focus on the relationship between the categories of time and time, as well as the difficulties in distinguishing the types of time. The results of the research contribute to a deeper understanding of the theoretical foundations of the category of time in Kazakh linguistics and the improvement of its teaching methods.

Key words: tense category, verb, morphology, Turkic languages, Kazakh language, grammatical analysis.

Шақ категориясы етістіктің ең басты, негізгі категорияларының бірі болып саналады. Айналадағы қимыл–әрекеттердің барлығы да белгілі бір мезгілге қатысты жүзеге асырылады. Етістікті мезгіл ұғымына қатыстырмай, байланыстырмай жеке сөз табы деп санауға да, анықтауға да болмайды. Шақ етістікті басқа сөз таптарынан ажыратып, ерекшелендіріп тұрады. Ол сонымен қатар тұлғалардың молдығымен де, күрделілігімен де ерекшеленеді.

Қазақ тіл білімінің морфология саласында бірыңғай пікір қалыптаспаған мәселелердің қатарына етістіктің шақ категориясын, олардың саралануын, аталуын жатқызуға болады. Іс–әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған кезде, одан бұрын немесе кейін өтуіне байланысты осы шақ, өткен шақ, келер шақ түрі барлық ғалымдарда бірдей анықталғанымен, оның түрін, көрсеткіштерін тануда зерттеуші ғалымдар арасында пікірталастар туындайды. Шақтың өзіне тән тұлғалары мен атқаратын қызметтері адамның сөйлеу кезінде айқындалады. Табиғи заңдылық бойынша, қимыл–әрекет сөйлеп тұрғанға дейін немесе сөйлеп тұрған кезде не сөйлеп болған–нан кейін болатыны анық. Бірақ сол кездегі амалдардың қай шақта орындалғандығын ажырату біршама қиындықтар тудырады. Оның себебі, біріншіден, шақтардың өзара жігі жымдасып жатқанында болса, екінші жағынан шақ пен рай категориясының мазмұны мен формасының ажыратылмағандығында жатса керек [1]. Мысалы, барар еді, баратын еді, бармақ еді, барған еді, барып еді, барар ма еді, жығылып қала жаздап еді, айтқысы келіп отыр екен және т.б. құрылымдарды бір шаққа немесе бірнеше шаққа қатыстыру қиындық тудыратыны рас.

Қазіргі қазақ тілінде шақ түрлерін саралауда бірізділіктің жоқ екенін қазақ тілінің морфологиялық еңбектерін салыстыру барысында көз жеткіземіз. А.Байтұрсынұвтың «Тіл – құрал» оқулығы. Тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы етістіктің 3 шағын көрсетеді: осы, өткен және келер шақ. Онда шақ көрсеткіштері ашық раймен байланысты қарастырылады. Автор осы шақтың екі түрін көрсетеді де, 4 қалып етістіктерінің жіктеулі түрін нағыз осы шақ деп бөліп айтады. Мысалы, жазамын, жазбаймын, жүр, тұр, отыр, жат. Ал өткен шаққа етістіктің–ды –ді, –ты, –тіжұрнағы арқылы жіктелген түрін келтірсе, келер шаққа–артұлғалы етістіктің жіктелген болымды, болымсыз түрлерін жатқызады [2].

Жалпы алғанда түркі тілдердегі етістіктің шақтары ерте кездерден–ақ зерттеушілердің назарын аударған. Салыстырылған тілдерде етістіктің шақтары жасалу тәсілдері мен семантикасы бойынша бір–бірімен өзгешелігінен көрі жалпы ұқсастығы күшті, ол етістіктің табиғатына да байланысты болса керек. Өткен шақ салыстырылған тілдерде өткен шақ –өткен мәхәл – өткен чак – утган – өткән, өтен заман деп аталып, іс–әрекеттің сөйлеп жатқан кезден бұрын болғандығын көрсетеді. Етістіктің түбіріне –ты, –ті, –ды, –ді, –ди аффикстері қосылып жедел өткен шақ жасайды, ал қырғыз тілінде – айқын өткен шақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде анық өткен

шақ деп қарайды. Мысалдар: Сыпыртқымды балқытып алып шабынатын сереге шыға бергенде қызара бөртіп сабаланып жатқан сыбайласымды таныдым. Ол да мені көрді. Көрді де әрі қарай бұрылып отырды. Мен де оны қысталамадым. (Ғ. Мүсірепов).

Атам ары жағындағы коондордон алып келип, кесе баштады. (Ю Жантөшев.) Курман менен Мендирманды Сапарбай тартипке чакырды. (Т. Сыдықбеков.) – Офицер йиқилди вә ётган ерида қулини кутарди. Бу орада жанч босилди. Ахмаджон офицерни олиб кетди. (А. Каххор). Өткен шақ категориясының қырғыз және өзбек тілдеріндегі жасалу жолдары ұқсас болып келеді.

Есімшенің –қан, –кен, –ған, –ген, –тын, –тін аффикстері арқылы бұрынғы өткен шақ жасалады, ал қырғыз тілінде бұны жалпы өткен шақ, өзбек тілінде ұзақ өткен шақ десе, ұйғыр тілі сүпәт пейлді өз алдына бөліп қарап өткен шақты көрсететіндігі де айтылады. Барлығында да есімшенің өзі–ақ, немесе жіктік жалғауларын қосып алып, іс–әрекеттің, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда ерте болғандығын білдіреді. Мысалдар: Әрине, инженер Асанбай да күдіктенген... Одан әріректе апат күші бәсеңсіген. Тас пен темір балқып барып, есін жинаған. Жан иесі бұл маңайда да түгел қырылған. (Ғ. Мүсірепов).

Штабта бәрнәччә ат болидиган. Шуларниң бирини мән шәһәр ичидә минип жүридиган. («Уйғур тили».) Мен уни курмаганман. Москвани мен биламан. Тер тукиб зур шахарни курганларни курганман, одам тула кучаларни айланиб, жангчиларнинг қаторида юрганман. (Қ. Олимжон.) Өзбек, қырғыз тілдерінде ұзақ өткен шақ етістігіне – дир аффиксі қосылып та айтылады: Шунинг билан банка бүгун очилмагандир. (С. Айний.) – Өзб. Ала мойнок күчүгү менен ой–ногондур. (Т. Сыдықбеков).

Қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ –ып, –іп, –п, қырғыз тілінде – капыскы өткөн чак – ып+дыр, –тыр, –дир аффикстерімен, өзбек тілінде – (–и), –б эди болып айтылады. Мысалдар: Кереге салыны сүйреп келе жатқан дардай атан тұрып қалыпты. Бақырып, басын шайқап, жынын шаша бақырыпты. (Ғ. Мүсірепов.) – Қаз. Илгери биздин элдин көк–чунак деген айғыры карышкырдын көкжалын чайнаптыр. (Т. Сыдықбеков.) Бизге сыйлық алып, Қырғызыстандан өкүлдөр келе жатыптыр. (К. Маликов.) – Қырғ... Шу сирни билай деб келиб эдим. («Сайед».) Шу кеча бировникига уғирликка бориб эдим. («Уғри» эртаги.) – Өзб.Қырғыз тілінде адат өткөн чак – етістіктің түбіріне –чү аффиксінің қосылуымен жасалады. Түнкүсүн ал оюктан араң бұлбүлдөгөн жарык шооласы көрүндү. Биздин кыздардан да далай кыйындар чыкчу. (Т. Сыдықбеков).

Етістіктің өткен шақтағы. айтылу мерзіміне қарап әр тілде әр түрлі бөлушілік бар. Мысалы, өзбек тілінде өткен шақ алты түрге бөлінеді де, әрқайсысы өзіне тән отенкаларымен бір–бірінен ажыратылады: өткен шақ анықтық етістігі, тарихи өткен шақ т. б. Барлығы да іс–әрекеттің өткендегі орындалу мезгілімен байланысады.

Т. Қордабаевқалып етістіктерін мағыналық ерекшеліктеріне қарап, «жатыр», «жүр» етістіктерін жалпы осы шақ деп, «тұр», «отыр» етістіктерін нақ осы шақ деп атаса дұрыс болар еді дейді. Бұларды бөлудегі көрсеткіш етіп, «жатыр», «жүр» етістіктерінің ұзаққа созылатын ісәрекеттерді білдіруі ғана емес, іс–әрекеттердің арасында үзілістердің болуын, дәл сөйлеу үстінде ол әрекеттердің болып жатпауын негізге алады. Бұдан Т. Қордабаев ойларының Қ. Жұбанов пікірімен келісетінін аңғаруға болады. Ал Ы. Маманов еңбегінде шақ формаларының мағыналық ерекшеліктерін былай көрсеткен: өткен шақты – жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ деп бес түрге бөліп, олардың арасындағы айырмашылық – әртүрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасында екендігін дәлелдейді. Келер шақтың үш түрін көрсетеді: ауыспалы келер шақ (жаз+а+мын); болжалды келер шақ

(жаз+ар+мын); ниет келер шақ (жаз+бақ+пын). Ы. Маманов етістіктің осы шағының арнайы грамматикалық морфемасы жоқ, осы шақ қалып етістіктеріне және созылыңқы сыйпатқа жіктік жалғауы тікелей жалғану арқылы жасалады деп нақ осы шақ формасын және ауыспалы осы шақты береді. 1967 жылғы академиялық грамматикада өткен шақ – жедел, бұрынғы, ауыспалы, осы шақ – нақ, ауыспалы осы шақ, келер шақ – болжалды, сенімді (кіргелі отырмыз), ауыспалы келер шақ болып мағыналық топтарға ажыратылады.

Ы. Мамановеңбектерінде шақ категориясына былайша сипаттама беріледі: «Грамматикалық шақ категориясының қарастыратын мәселесі, объектісі – істің, қимылдың болған нақты мезгілі де емес, нақты мезгілін білдіретін жеке сөздер де емес, шақтық мағына білдіретін етістіктің қалыптасқан грамматикалық формалары. Шақ формалары істің, қимылдың нақтылы өту кезін дәл көрсетпейді. Олардың шақтық мағынасы абстракт түрде сөйлеу кезімен өлшенеді. Былайша айтқанда, етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болатын қимылдың, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді. Ғалымның тұжырымдауынша, қимылдың, уақиғаның дәл өту мезгілін сөйлемде нақты түрде мезгіл үстеулерімен және жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесу арқылы ғана білдіре алады. Бұл тұжырымның функционалды грамматиканың зерттеу нысанына сай айтылғандығын айту керек. Сөйлеуде шақтық мағына, Ы.Маманов көрсеткендей, лексикалық бірліктер арқылы ғана анық көрінеді.

Өткен шақ – іс–әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болып өткенін білдіретін етістіктің шақтарының бір түрі. Өткен шақ 3 топқа бөлінеді:

1) Жедел өткен шақ «–ды, –ді», «–ты, –ті» жұрнақтары арқылы жасалып, іс–әрекеттің жуық арада ғана болып өткенін, аяқталғанын көрсетеді. Мысалы: «келдім», «таптыңдар».

2) Бұрынғы өткен шақ іс–әрекеттің сөз болып отырған уақыттан көп бұрын іске асқанын білдіріп, айғақты түрі есімшенің «–ған, –ген», айғақсыз түрі көсемшенің «–п», «–ып», «–іп» тұлғаларындағы етістіктің тікелей жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: «барған», «айтқан», «барыпты».

3) Ауыспалы өткен шақ – іс–әрекеттің бірнеше дүркін болып өткенін білдіреді. Есімшенің «–атын, –етін», «–йтін» формалары арқылы жасалады. Мысалы, «тың–дайтынбыз», «көретінсіңдер». Келер шақ іс–әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіретін етістіктің бір шағы [1].

Ы. Мамановшақ формаларының мағыналық ерекшелігіне баса назар аударған. Шақ түрлерінің атаулары шартты түрде алынған терминдер деп көрсетеді. Өткен шақ формаларының түрлі жағдайларда кездесетінін атап көрсетіп, олардың арасындағы айырмашылық әр түрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасында екендігін дәлелдейді [2].

Ендеше ғалымның өткен шақтың әр түріне байланысты көрсеткен мағыналық реңктің сөйлемде берілуіне тоқталайық:

– Жедел өткен шақ формасысөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдіреді (Мен кітапханаға кеттім);

– Бұрынғы өткен шақ формасынсөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады (Мен ол жігітті жақсы танимын, институтта бірге оқығанбыз);

– Бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен немесе басқа бір жағдай арқылы білдірсе, оны ежелгі өткен шақ формасында баяндайды (Қайырбек кеше Москвадан қайтыпты);

– Дағдылы өткен шақсөйлеу кезінен кем дегенде жарты не бір жыл бұрын болып өткен істі, қимылды білдіреді және істің, қимылдың ертеректе бірнеше рет қайталанып, әдетке, дағдыға айналғандығын көрсетеді (Әбдірахман әкесі үшін қатты қиналып, оңашада ұзақ ойланып жүруші еді);

– Қатысты өткен шақ формаларысөйлеу кезінен бұрын болып өткен іс, қимылмен ұштасып, соған байланысты өткендігін немесе белгілі бір мезгіл ішінде өткендігін көрсетеді (Мен кеше киноға барып едім).

Қазіргі қазақ тілі грамматикаларында –ған, –ген, –қан, –кен жұрнақтары бұрынғы өткен шақтың формаларын жасаушылар екені белгілі. Олардың беретін анықтамаларына қарсақ та, Қ.Жұбанов ізін көруге болады. Н.Сауранбаев «Бұрынғы өткен шақта болған істің айқын, ақиқат екендігі тұжырымды болып көрсетіледі» деген анықтамамен түсіндірсе, «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Бұрынғы өткен шақта істің жедел өткен шақтағыдан бұрын болғандығы, болмағандығы көрсетіледі» делінген. Осындай құбылыстарды жинақтаған Ы.Маманов: Қазақ тілінде еді көмекші етістігі күрделі шақ формаларын жасауда үлкен рөл атқарады. Бұл есім сөздермен және етістіктің кейбір формалармен тіркесіп, сол тіркескен сөздеріне әртүрлі грамматикалық рең береді. Солардың ішінде еді еді көмекші етістігі өткен көсемше (–п/ –п/ –іп), өткен шақ есімше (–ған/ –ген/ –қан/ –кен) және қалып етістіктерімен (отыр, тұр, жатыр, жүр) тіркесіп, қатысты өткен шақ формаларын жасайды, – дейді.

Жай сөйлем мен іргелес құрмалас сөйлемдерді ажыратуда кездесетін бір қиындық – іргелес құрмалас сөйлемнің жайылыңқы, сыйылыңқы түрі мен бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер мәселесінде. Н. Сауранбаев іргелес құрмаласты жайылыңқы және қойылыңқы деп екіге бөліп, жайылыңқы іргелестің өзіндік белгісіне, оның құрамына «енген жай сөйлемдер қысқартылмай, толық күйінде айтылады» деп, Жүнді су көтереді, жүйрікті су көтереді, қайғыны ер көтереді, құрлықты дария көтереді, арысты ай көтереді, өлімді сай көтереді сөйлеміне талдау жасайды. Ғалымның пікірінше, мұнда бірнеше жай сөйлемдер белгілі бір төзімділік қасиетті түрлі жақтан сипаттау үшін салыстыру мағына ұласып айтылған. Бәрінің баяндауышы бірдей. Оның әр сөйлемдерде қайталап айтылу арқылы сөйлемде үдеме реңк берілген, ал қойылыңқы іргелестің өзіндік белгісіне оның құрамына енетін жай сөйлемдердің ортақ баяндауышы болатындығын айтқан. Тұжырымының дәлелі ретінде Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез көрсетіледі сөйлеміне талдау жасаған: берілген үш сөйлемнің ортақ баяндауышы әр сөйлемде қайталанбай, ең соңғы сөйлемде бір–ақ рет айтылған. Ғалымның пікірінше, егерде бұл сөйлемді толық етіп айтқан болсақ: Бір жерде күш көрсетіледі, бір жерде өнер көрсетіледі, бір жерде мінез көрсетіледі. Яғни, қойылыңқы іргелес жайылыңқы іргелестің ықшамдалуынан, қысқарып сыйысуынан жасалады [1]. «Компоненттерінің баяндауыштары бір сөздің қайталап айтылуынан болған салалас сөйлемдердің ықшамдап, сыйыстырып айту сөйлемге әдеби түр беруге байланысты болады... Жазушы я сөйлеуші дербес сөйлемдердегі қайталайтын ортақ мүшені ықшамдап, қысқартып айту арқылы ондай құрмаласқан я ондай сөйлемге поэтикалық, яғни динамикалық рең береді. Мұндайда іргелестегі күрделі ой жайылмай, шұбалаңқыламай, ықшамдалып, түйдектеліп, үдеме түрінде ұғынылады». Әрине, ғалымның бұл пікірі қазақ тіл мамандарының арасынан толық қолдау таппады. Н. Сауранбаев құрмалас сөйлем деп танитын «қойылыңқы іргелес» қазіргі қазақ тілінде бірыңғай мүшелі жай сөйлем болып танылды. Ал М. Мамытбековтың пікірі Н. Сауранбаевтың пікірімен үндес. Ғалымның пікірінше, жалғаулықсыз салаласқа енген жай сөйлемдердің кейде бастауыштары не баяндауыштары ортақ болып келсе, мұны іргелес сөйлемге енген жай сөйлемдердің сыйысуы. Мысалы, Бүгін не қар жауар, не жаңбыр жауар деудің орнына Бүгін не қар, не жаңбыр жауар.

Өткен шақ категориясындағы анықтық–танықтық категориясына қимылдың, іс–әрекеттің өту сипаты маңызды рөл атқарады. Қимылдың өту сипаты етістіктің дербес грамматикалық категориясы ретінде түркітануда және қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана танылса да, қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктер түркі тілдерін зерттеушілердің назарына ертеден–ақ ілінген. Ы.Мамановтың сыпат категориясына байланысты ойларын сарапқа салғанымызда, ғалым, ең алдымен, сөз мағынасына емес, сөз формасына баса назар аударғанын байқаймыз. Мұны ғалымның мына пікірінен білуге болады: «Қалып етістіктерінде шақтық форма жоқ, тек шақтық мағына бар» [3]. Ғалым қалып етістіктерінің бойындағы шақтық мағына оларға телулі шақтық мағына емес, олардың бойында шақтық мағынадан басқа да (айталық, қимыл–күйді білдіру – етістіктік мағына; қимылдың өту сипатын білдіру – аспектудалдылық мағына т.б.) мағыналар бар. Ғалымның бұл пікірін басқа ғалымдар еңбектерінде айтылмаған ерекше жаңалығы деп атауға болады. Сонмен қатар, көсемше формалы етістіктердің қалып етістіктерімен өзге толымды етістіктер арқылы сыпат категориясын жасауы туралы ойлары аналитикалық формалы етістіктер жайындағы күрделі зерттеуге негіз болған. Қимылдың жасалу кезеңдері мен тәсілі бойынша етістіктерді жіктеуі қазіргі грамматика талаптарына толық сай келмегенмен, функционалды грамматика тұрғысынан құнды пікір екендігін көрсетіп отыр [3].

Функционалды грамматикада қимылдың өту сипаты немесе амалдың өту сипаты деп аталып жүрген ұғым «аспектуальность» терминімен аталады. Қалып етістіктері осы аспектудалдылық мағынаны білдіруде маңызды рөл атқарады. Олар осы функционалды семантиканы беретін бірден бір тілдік құрал болып табылады. Қалып етістіктерінің функционалды–семантикалық өріс жасаудағы қызметі функционалды грамматика мамандарының зерттеулерінде айтылып жүр. Бұл айтылғандардан қалып етістіктері тек қана аспектудалды семантика ғана жасайды деуге болмайды. Ол басқа да функционалды–семантикалық өрістерді жасауға қатынасады. Айталық, олар қимылдың өту сипатын білдіруден бұрын, ең алдымен, шақтық мағынаны білдіреді. Дәстүрлі грамматика тұрғысынан олардың құрылымдық функциясы нақ осы шақты білдіру делініп, нақ осы шақты білдіретін тілдік құрал, соның көрсеткіші ретінде қаралып жүр. Алайда бұл оларға берілген біржақты ғана пікір. Өйткені шақ тілдік жүйеде және сөйлеуде екі бағытта қызмет етеді. Аталған етістіктер тілдік жүйеде шақ көрсеткіші болса, сөйлеуде, екі бағытта қызмет етеді. Аталған етістіктер тілдік жүйеде шақ көрсеткіші болса, сөйлеуде, яғни сөйлеу бірлігі – мұны зерттейтін сала функционалды грамматика тұрғысынан одан кең түрде қарастырылады. Ол тек қана нақ осы шақтық мағынаны ғана білідрмейді, сонымен қатар шақтық мағынаның басқа да реңктерін беруге қызмет етеді. Сөйлеудегі шақтық мағына функционалды грамматика тұрғысынан «темпоральность» деген терминмен аталады. Темпоралдылық функционалды–семантикалық өрісін жасауда қалып етістіктерінің өзіндік орны, тиесілі қызметі бар. Олар темпоралдылық категориясының мағыналық қырларын білдіретін тілдік құрал болып табылады. Демек қалып етістіктері Ы.Маманов көрсеткендей бір ғана категорияның тілдік көрсеткіші емес, ол аспектудалды, темпоралды, сондай–ақ басқа да қызметтерде жұмсалады [4].

Ғалым Т.Қордабаевтың 1953 жылы жарық көрген «Шақ категориясы» атты еңбегінде шақтарды екі топқа бөліп қарастырады. Олар: анықтық және танықтық (сенімді, сенімсіз). Мәселен, бүгінгі таңда модаль сөздерге жатқызып жүрген келген шығар, келген көрінеді, келген сияқты мысалдарды ғалым сенімсіз өткен шақ категориясына жатқызады. Себебі, семантикалық мағынасы жағынан сөйлеушінің айтып тұрған ақпаратына сенімсіздік реңкі байқалып тұр. –Ды, –ді қосымшалары сөйлеушінің ақпаратына толық сенімді екенін білдіріп, анықтық, белгілілік, сенімділік

категориясының белгілеріне дәлел бола алады. Өткен шақты айғақты және айғақсыз деп бөліп қарастырады. Мәселен, Арман 1985 жылы туды және Арман 1985 жылы туыпты десек, ақпараттың берілуінде айырмашылық жоқ секілді. Алайда нақты ақпарат көзі ретінде дәлелді семантиканы «туды» өткен шақ категориясы арқылы жақын тани аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А.Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1954. – 159 б.
2. Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы. – Алматы, 1953. – 116 б.
3. Маманов Ы.Е. Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991., №7.
4. Д.Ж. Рысқұлбеков. Шақ категориясы. – Алматы, 2008. – 412 б.

ӨОЖ 372.8 (372.854)

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ СУРЕТТЕР МЕН ГРАФИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Амиржанова Гульмира Хамияловна

химия пәнінің мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Әуликөл ауданы білім бөлімінің Шоқан Уәлиханов атындағы

Әуликөл жалпы білім беретін мектебі» КММ

Әуликөл а., Қазақстан

Аңдатпа

Графиктер мен схемалар ақпаратты көрнекі түрде ұсыну құралы ретінде күрделі химиялық процестерді қабылдауды жақсартуға ықпал етеді, сондай-ақ оқушыларға аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мақалада әртүрлі графиктер мен графикалық бейнелерді деректерді интерпретациялау және қорытынды жасау дағдыларын қажет ететін есептерді шешуде қолдану жолдары талданады. Бұл құралдарды оқу үдерісіне интеграциялау әдістеріне ерекше назар аударылып, функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру және білімді тәжірибеде сәтті қолдану мақсаттары қарастырылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, графиктер мен схемалар, деректерді интерпретациялау.

Аннотация

Графики и схемы, являясь наглядными средствами представления информации, способствуют улучшению восприятия сложных химических процессов, а также помогают учащимся развивать аналитические и критические способности. В статье анализируется, как различные виды графиков и графических изображений могут быть использованы для решения задач, требующих умения интерпретировать данные и делать выводы. Особое внимание уделяется методам интеграции этих инструментов в учебный процесс с целью повышения уровня функциональной грамотности и успешного применения знаний на практике.


Ключевые слова: функциональная грамотность, графики и схемы, интерпретация данных

Abstract

Graphs and diagrams, as visual means of presenting information, contribute to improving the perception of complex chemical processes and help students develop analytical and critical thinking skills. The article examines how various types of graphs and graphical representations can be used to solve problems that require the ability to interpret data and draw conclusions. Special attention is given to methods of integrating these tools into the educational process to enhance functional literacy and ensure the successful application of knowledge in practice.

Key words: functional literacy, graphs and diagrams, data interpretation.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ АУЫТҚУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ
ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР**



**ЭФФЕКТИВНЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ В ОБЛАСТИ ПРОФИЛАКТИКИ
ДЕВИАЦИЙ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ**

Абдуллаева Гунай Имран–кызы	Самосаботаж учебной деятельности и его профилактика как психолого– педагогическая проблема	3
Азатқызы Айзат	Жаратылыстану бағытында дуалды оқытудың тиімділігі мен келешегі	8
Айменова Ляззат Булатовна	Профилактика аутодеструктивного поведения среди несовершеннолетних: эффективные практики в школе	13
Акылбекова Эльмира Акылбековна, Даниярова Айтолкын Темирболатовна	Бастауыш сынып оқушыларының агрессиясының психологиялық–негіздері	17
Аллавердиева Наталья Евгеньевна	Педагогическое сопровождение профилактики девиантного поведения обучающихся в колледже	21
Аллахвердиева Индира Кязимовна	Профилактика девиантного поведения в организации образования	26
Алпысбаева Гульнара Болатбековна, Тойгамбаева Асель Темиргалеевна	Инклюзивные технологии в обучении английскому языку: создание комфортной и поддерживающей среды для каждого ученика	31
Ансаганов Бекзат Сейтжанович, Демисенова Шнар Сапаровна	Роль социального интеллекта в педагогической деятельности	35
Асылбеккова Самал Асылбекқызы	Профилактика девиантного поведения детей на уроках биологии	39
Атаева Колканат Кабдыгалымовна	Ертегі терапиясын тиімді қолдану	44
Байдильдина Каламкас Нурланқызы	Развитие эмоционального интеллекта у подростков как способ профилактики девиантного поведения	48
Байменова Ботагоз Жумағалиевна, Нурманова Айнагуль Рахимжановна	Новые подходы в преподавании казахского языка и литературы: цифровизация и мультимедийные технологии в обучении	51
Байнакатова Зияда Мөндьғалиевна, Кравченко Татьяна Николаевна	Возрастная анатомия и психология: как учесть все риски и создать безопасную (или благоприятную) среду в организациях образования	55
Бакубаева Гульсара Бахчановна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиаций в организациях образования	59

4 СЕКЦИЯ

Батырбаева Анна Янисовна, Демисенова Шнар Сапаровна	Исследование актуального уровня развития личных профессиональных перспектив в старшем школьном возрасте	63
Бейсенова Сандугаш Аяпбергеновна	Ы. Алтынсариннің ұлттық ағартушылық құндылықтарын өркениетпен ұштастыруы	67
Бекенова Айзада Сайлаубаевна, Курманғалиева Бигайша Аскеровна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру	72
Бектурганова Зульфия Казиевна	Методология обучения на основе связи биологии и химии	77
Бердыгулова Гульзайра Талиповна	Проблемы инклюзивного образования	80
Бобжикова Жанат Жолмагамбетовна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиации в организациях образования	84
Богинская Юлия Валериевна, Кухарь Наталья Сергеевна	Профилактика детской агрессии: опыт специалистов	86
Богучарская Ольга Васильевна	Применение арт–терапевтических методов в коррекции эмоциональных отклонений у школьников: теоретические и практические аспекты	91
Bokhanova Aygul Serikbaevna, Zhaparova Laila Bekzatkhonovna	Deviant behavior in youth: methods of socio– pedagogical prevention	97
Бродельщикова Людмила Евгеньевна, Шкваренко Галина Васильевна	Развитие социально–коммуникативных навыков у учащихся инклюзивного образования	103
Василенко Татьяна Валерьевна, Кольцова Татьяна Михайловна	Профилактика девиантного поведения учащихся на уроках английского языка	107
Габбасова Ульяна Алексеевна, Энна Инна Александровна	Актуальные педагогические стратегии профилактики девиантного поведения подростков в условиях общеобразовательной школы	112
Гапбасова Гулжанат Аскарровна	Шет тілі мамандықтарының студенттерін жазбаша сөйлеуді оқыту процесін модельдеу	115
Домнич Александр Николаевич	Профилактика застенчивости у обучающихся старшего подросткового возраста	119
Жарасбаева Зибатуль Батырхановна	Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық және әлеуметтік ауытқуларын алдын алу: педагогикалық тәсілдер мен әдістер	124
Жумабаева Сауле Кагармановна	Анализ эффективности различных методик профилактики девиантного поведения на уроках физики	128

4 СЕКЦИЯ

Зеленцова Виктория Валерьевна	Интеграция психологических и педагогических подходов в цифровые образовательные игры для профилактики буллинга в начальной школе: исследование эффективности и вызовов внедрения	131
Зиновьева Александра Юрьевна	Интерактивные методы против девиаций: воспитание через игру и творчество	136
Идрисова Наталья Владимировна, Грамма София Васильевна	Социальное партнерство семьи, школы и общества в воспитательной деятельности	141
Какишева Нурсулу Тралыевна, Бакун Айнура Тулегеновна	Эффективные педагогические практики и подходы в профилактике девиаций в организациях образования	145
Карина Аягүл Алпысбайқызы, Ахметбекова Ажар Болтириковна	Сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларға ұйымдастырылған оқу қызметінде нейробаннерді қолдану	150
Кирилюк Лилия Вильдановна	Профилактика речевых нарушений как способ предотвращения девиантного поведения в школе	154
Куанышбаева Малика Талгатовна, Демисенова Шнар Сапаровна	Исследование эффективности программы развития толерантности личности в полиэтнических группах обучающейся молодежи	157
Кулинич Татьяна Николаевна	Как избежать перегрузки детей при логопедической коррекции: принципы эффективной работы с дошкольниками в контексте инклюзивного образования	162
Кундубаева Алмагуль Утепаевна	Воспитание ответственности через практические занятия по физике: профилактика асоциального поведения у школьников	165
Лебедева Ольга Александровна	Профилактика девиации в организациях образования казахстана: совокупность современных подходов методов и приёмов	168
Лукович Анна Васильевна	Методы формирования позитивного поведения обучающихся в образовательном процессе	174
Малыгин Андрей Леонидович, Жаркимбаева Динара Есмагамбетовна	Использование педагогических практик как инструмента профилактики девиантного поведения подростков в условиях образовательного пространства	178
Мустафина Асель Сапаргалиевна, Абдулина Айгуль Сапаргалиевна	Дамуында ауытқулары бар балаларды оқытудағы тиімді әдістерді қолдану	182
Мустафина Виолетта Саматовна, Пименова Полина Михайловна	Взаимосвязь стрессоустойчивости и агрессивной коммуникации у студентов бакалавров	187

4 СЕКЦИЯ

Нагайцев Тарас Олегович, Демисенова Шнар Сапаровна	К проблеме формирования психологической готовности студентов–психологов к осуществлению психологической профилактики	191
Нагайцев Тарас Олегович, Демисенова Шнар Сапаровна	Теоретическое исследование проблемы психологической готовности студентов–психологов к будущей профессиональной деятельности	196
Назмутдинов Ризабек Агзамович, Калиниченко Оксана Викторовна	Профилактика девиаций в организациях образования	200
Ниетбаева Надира Ашировна, Абуова Ақерке	Онлайн және офлайн оқыту форматтарын біріктірудің артықшылықтары мен кемшіліктері	205
Нурлыбаева Аида Муратовна	Приемы и техники в педагогической практики для профилактики девиаций в организациях образования	210
Нұрбекова Балнұр Жомартқызы, Аюуш Жайнагуль	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жаратылыстану пәндерінде оригамиді қолдану	214
Осипова Светлана Павловна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиаций в организациях образования	218
Raizullayev Yerzhan, Togizbayev Daulet	Effective use of problem–based situations in english language teaching	221
Позднякова Наталья Сергеевна	Геймификация как инструмент создания инклюзивной и безопасной образовательной среды	226
Рагимова Рамиля Незаметдинқызы, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна	Методика разработки дифференцированных заданий для обучения младших школьников английскому языку	231
Сакаева Елена Константиновна, Жиентаева Гульзада Бауыржановна	Инклюзивное образование и его влияние на преподавание английского языка в школах казахстана	235
Сакаева Елена Константиновна, Жиентаева Гульзада Бауыржановна	Использование проектной деятельности в преподавании английского языка в школах Казахстана	240
Серикова Марзия Амантаевна, Ахатов Айдархан Габдуллинович	Геометрия сабақтарында кейбір есептерді Әл–фарабидің әдісімен шешу жағдайларын қарастыру	243
Сивакова Анастасия Робертовна, Кушкинбаева Мерамкуль Жолаушыбаевна	Педагогические подходы к профилактике девиантного поведения в колледже	248
Стрельцова Анастасия Юрьевна	Формы и методы профилактики зависимости от социальных сетей у подростков	252

4 СЕКЦИЯ

Султанова Марья Мнайдаровна	Кибербуллинг и его взаимосвязь с аутодеструктивным поведением	256
Тлеухор Акниет Рахметкаликызы	СТЖД III –ШІ деңгейдегі балаларға мнемотехникаарқылыбайланыстырып сөйлеуін дамыту	260
Токмурзов Алибек Маралбекович	Развитие системы образования на территории Костанайского региона в 20–40 годов XX века	264
Тугаева Эльвира Жангельдиновна	Интерактивные подходы в работе с подростками: эффективная профилактика девиантного поведения	270
Тулупова Динара Мараловна	Білім беру ұйымдарында ауытқулардың алдын алу: психологтың рөлі және тиімді педагогикалық тәжірибелер	274
Удовиченко Виктория Викторовна	Раннее идентифицирование эмоциональных и психологических девиаций у школьников с использованием искусственного интеллекта в контексте педагогической и психологической диагностики	278
Хайруллина Оксана Нуруллоевна	Социально – ориентированная личность школьника, как результат эффективной работы психологической службы школы	283
Хасанова Канагат Жасулановна, Есенгалиева Жанар Жалгасовна	Жасөспірімдер арасындағы ауытқулардың алдын алу саласындағы педагогикалық тәсілдер	288
Хусаинова Гульсайра Маратовна, Каленова Гульнар Маратовна	Тәрбие процесіндегі отбасы, мектеп және қоғам арасындағы әлеуметтік ынтымақтастық	292
Цыгулева Наталья Ивановна	Внедрение цифровых технологий в стратегии профилактики интернет–зависимости среди подростков: психолого–педагогические и технологические аспекты	295
Чупрова Варвара Валериевна, Аубакирова Юлия Доскановна	Роль русского языка и литературы в реализации эффективных педагогических практик по профилактике девиантного поведения в образовательной среде	300
Шамсутдинова Амина Абдухамитовна	Роль биологического образования в профилактике девиантного поведения учащихся	304
Шокимова Сайран Азнабаевна, Ермуханова Инара Ибраимовна	Деятельность центра психологической поддержки в контексте современного образования	307

**«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР –
ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ» атты
АЛТЫСАРИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ
СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»**

Материалдар жинағын
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институтының
педагогика, психология және арнайы білім
беру кафедрасында теріліп, беттелді

Компьютерлік беттеу:
Жетписбаева А.А., Ермаганбетова А.Б.

Мекен-жай:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47
(Пединститут ғимараты, Тәуелсіздік к-сі
118, 626 каб.)
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (ішкі 120).

Пішімі 60*84/18.
Көлемі 100,7 б.т.
Электронды нұсқасы университеттің
ksu.edu.kz сайтында орналастырылған
мамыр, 2025 жыл

Сборник материалов набран и сверстан
кафедрой педагогики, психологии и
специального образования
педагогического института
им. У.Султангазина
Костанайского регионального
университета им. Ахмет Байтұрсынұлы

Компьютерная верстка:
Жетписбаева А.А., Ермаганбетова А.Б.

Адрес:
110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47
(корпус Пединститута, ул. Тауелсиздик
118, каб. 626).
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (вн.120)

Формат 60*84/18.
Объем 100,7 п.л.
Электронный вариант размещен на сайте
университета ksu.edu.kz
май 2025 год